

Талас ауданында шетелдіктер үшін 2026 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 47-3 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы, 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдеден №181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33110 болып тіркелген) сәйкес, Талас аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНАДЫ:

1. 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін жарнаның мөлшерлемесі 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

К. Садубаев